

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

Z05T8F6, Нұр-Сұлтан қаласы,  
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты  
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz



**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ**

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

Z05T8F6, город Нур-Султан,  
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А  
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz

---

---

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті  
Мәжілісінің  
«Ақжол» ҚДП  
фракциясының  
депутаттары  
А.Т. Перуашевқа  
Д.М. Еспаеваға  
А.Р. Әбілдаевқа  
Б.С. Дүйсенбиновке  
Е.Х. Барлыбаевқа  
С.С. Ерубаевқа  
А.К. Жұмабаеваға  
Қ.Ж. Исаға  
А.Г. Линникке  
Е.Қ. Өмірғалиға  
М.Б. Раманқұловқа**

26.11.2021ж. №ДС-336

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) микроқаржы ұйымдары беретін қарыздарды жылдық сыйақының бірыңғай тиімді мөлшерлемесіне (бұдан әрі – ЖСТМ) келтіруге қатысты Сіздердің сауалыңызды қарап, төмендегіні хабарлайды.

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық микроқаржы ұйымдары, оның ішінде онлайн-кредит беру компаниялары, кредиттік серіктестіктер, ломбардтар және халыққа қарыз беретін басқа да заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) реттеу периметріне енгізілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап микроқаржы ұйымдары Агенттіктің міндетті түрде лицензиялауына жатады.

Агенттік банктік және микроқаржы қызметін реттеу мәселелері бойынша жүргізілетін жұмыс шеңберінде 2021 жылғы 15 наурызда жеке тұлғамен 50 АЕК-ке дейінгі мөлшерінде 45 күнге дейінгі мерзімге жасалған микрокредит шарты бойынша сыйақының шекті мәнін төмендетуге бағытталған заңнамалық өзгерістер енгізді.

Бұл ретте, борыштық жүктемені одан әрі төмендету мақсатында, Ұлттық Банк Агенттіктің 50 АЕК-тен аспайтын мөлшерде 45 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімі бар микрокредит бойынша артық төлемнің шекті мөлшерін екі есе, яғни микрокредит шартының бүкіл қолданылу кезеңінде берілген микрокредит сомасынан 100%-дан 50%-ға дейін төмендету жөніндегі ұсынысын қолдайды.

**Төраға**

**Е. Досаев**

*Орын.: Г. Топарбаева тел.: +77012203456*

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

Z05T8F6, Нұр-Сұлтан қаласы,  
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты  
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz



**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ**

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

Z05T8F6, город Нур-Султан,  
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А  
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz

---



---

**Депутатам Мажилиса  
Парламента  
Республики Казахстан  
фракции ДКП «Ақжол»  
А.Т. Перуашеву  
Д.М. Еспаевой  
А.Р. Абильдаеву  
Б.С. Дюсембинову  
Е.Х. Барлыбаеву  
С.С. Ерубаяеву  
А.К. Жумабаевой  
Қ.Ж. Иса  
А.Г. Линнику  
Е.Қ. Өмірғали  
М.Б. Раманкулову**

*на №ДС-336 от 26.11.2021г.*

**Уважаемые депутаты!**

Национальный Банк Республики Казахстан (далее – Национальный Банк), рассмотрев Ваш запрос касательно приведения займов, выдаваемых микрофинансовыми организациями, к единой годовой эффективной ставке вознаграждения (далее – ГЭСВ), сообщает следующее.

С 1 января 2020 года все микрофинансовые организации, в том числе компании онлайн-кредитования, кредитные товарищества, ломбарды и другие юридические лица, предоставляющие займы населению, включены в периметр регулирования Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка (далее – Агентство).

В соответствии с поручением Главы государства с 1 января 2021 года микрофинансовые организации подлежат обязательному лицензированию Агентством.

Агентством в рамках работы, проводимой по вопросам регулирования банковской и микрофинансовой деятельности, 15 марта 2021 года были внесены законодательные изменения, направленные на снижение предельного значения вознаграждения по договору микрокредита, заключенному с физическим лицом на срок до 45 дней в размере до 50 МРП.

В целях дальнейшего снижения долговой нагрузки граждан Национальный Банк поддерживает предложение Агентства по снижению предельного размера переплаты по микрокредиту сроком до 45 календарных дней в размере, не превышающем 50 МРП, в два раза, т.е. с 100% до 50% от суммы выданного микрокредита за весь период действия договора микрокредита.

**Председатель**

**Е. Досаев**